

"Лисаков қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 01 сәуірдегі № 122 қаулысына толықтыру енгізу туралы" "Лисаков қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы"

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 10 маусымдағы № 151 қаулысы

Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 122 "Лисаков қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Лисаков қаласы әкімдігінің қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Лисаков қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесіне:

15-тармақты мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтыру:

"8) Лисаков қаласында және Октябрь кентінде көрнекі ақпаратты орналастыру туралы хабарламаларды қабылдауды және қарауды жүзеге асырады."

2. "Лисаков қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай шараларды қамтамасыз ету тапсырылсын:

жоғарыда аталған Ережеге енгізілген өзгеріс туралы әділет органдарына хабарлау;

2) нақты қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдау;

3) нақты қаулы ресми жарияланғаннан кейін Лисаков қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Қала әкімі

А. Ибраев